

№15 орта мектебі

Қорғаншылық кеңес отырысының №II хаттамасы

Ақтөбе қаласы

16.03.2023ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1.Наурыз мерекесіне іс-шаралар ұйымдастыру.

Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н

2.Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары бойынша сенбілік ұйымдастыру.

Хабарламашы: Қамқоршылық кеңестің төрайымы Джамангарина Г

3.Оқушыларды қосымша білім берумен қамту.

Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Карагулова сөз бастады. Наурыз айының 13-17 күндері Наурыз мейрамына қарсы мектебімізде жүргізілетін жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Жоспар бойынша төмендегідей іс-шаралар өткізілетін болады

2022-2023 оқу жылында Наурыз мейрамын тойлау аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары

№	Өтілетін күні	Шаралар атауы	Шараның мағынасы	Жауапты кластар	Жауапты класс жетекшілер
1	13 наурыз	«Жайнау күн»	Бұл күні жастар бас қосып, әзілдесіп, бір-біріне «Ұйқыашар», «Селт еткізер» сыйлықтарын сыйлап, шынайы тілектерін білдіреді.	10А 8А	Сабанбаева А. Мусрали Д.
2	14 наурыз	«Амал күні»	Бұл күні төс қақтырып сәлемдесіп, көрісу рәсімін жасайды. Қазақтың ұлттық асапаптарымен ән шырқап, ұлттық тағамдармен қарсы алу.	9А 8Б	Нағашыбаева Ж: Есетова Г.
3	15 наурыз	«Ғылым күні»	«Атадан қалған өсиет» ақын – жазушылар шығармаларының тұсаукесерлері	10Ә 8Ә	Тыныбекова А. Адаева Ж.
4	16 наурыз	«Денсаулық күні»	«Салауатты өмір саатын сақтайық» асық	9Ә	Тәжібаева Г. Шалгинбаева

			ату, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, қап киіп жарысу, қол күрест.б.	7А,7Ә,7Б	Н. Танашева Ж.
5	17 наурыз	«Қош келдің Наурыз»	Мерекелік шара барлық кластарға кластарында болады. Сағат 19.00-11.00 аралығында І ауысым оқушыларына, сағат 12.00-14.00 ІІ ауысым оқушыларына наурыз мерекесі өтеді.		

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес төрайымы Джамангарина Г.С. сөз алды. Биыл да мектебімізді гүлдендіру мақсатында оқушылар мен ата-аналар өз үлестерімізді қосамыз. Оқушы мен табиғат арасындағы үйлесім үзілмеуі тиіс. Сонда ғана баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігі өседі. Оқушылар өз қолдарымен мектеп алдына береза мен рябина ағаштарын және көп жылдық, бір жылдық, питуня т.б. әсем гүлдерді мамыр айында бұйырса отырғызамыз. «Жазғы демалыс кезінде оқушылардың еңбек практикасын ұйымдастыру» туралы оқушыларды еңбекке баулу, табиғатты аялау, көркейту, гүлдендіру жұмыстарын жүргізу мақсатында жазғы практика жұмыстары жүргізіледі. Еңбек практикасында ағаштарды, гүлдерді суару, қопсыту, және тазалық жұмыстары жүреді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.: алдағы уақытта екі айлық тазалық жұмыстары сәуір, мамыр айларында ұйымдастыру жұмыстары жүреді. Қаланы және елді-мекендерді көркейту, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөнінде екі айлық іс-шараларына ұжым болып, ата-аналар болып ат салысайық.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н оқушыларға қосымша білім беру мен қамту бойынша оқу жылының басында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 11 көркемдік-шығармашылық (ғажайып бояу сыры, шебер қолдар, көркем жазу,) және спорттық 5 (волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, баскетбол, үстел теннисі) үйірмелері ашылды. Оқу жылының басында үйірме жетекшілерінің жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері бекітіліп, қатысатын оқушылар тізімі нақтыланды. Қазіргі таңда оқушылар үйірме, секцияларға қатысып жүр. Көркемдік-шығармашылық үйірмеге барлығы **270 оқушы, 59,1 пайыз** қамтылып отыр. Спорттық үйірмеге – барлығы **170 оқушы, 74,5 пайыз** қамтылып отыр. Мектепішілік үйірмеге 440 қатысым **65,8 пайызды** көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының 13 пайызы мектептен тыс спорттық үйірмелерге (90 оқушы) қатысады. Жалпы мектеп оқушыларының ішінде 530 оқушы ішкі, сыртқы спорттық үйірмемен қамтылып, 79,3 % сапаны көрсетіп отыр.


Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:

- 1.Наурыз мерекесіне байланысты өткізілетін іс-шаралар уақытында, сапалы, ата-аналар мен мектептің байланысы негізінде жүргізілсін
- 2.Көгалдандыру жұмысы, мектеп ауласы жаз бойы қадағалауға алынсын.
- 3.Мектеп ұжымы, ата-аналары сенбі күндері, сенбілікке қатыстырылсын.
- 4.Үйірме жұмыстарына оқушыларды қатыстыру одан әрі жандандырылсын.

Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина

Хатшы:  К.Қанатова

Кеңес мүшелері:

 К. Кенжеғалиева
 У.Оразымбетов
 Р.Байлиева
 М.Исламғалиева
 А.Токсанбаева
 К.Мешелов
 Д.Тулеуова